

Рудик Евгения Федоровна

Евгения Федоровна Рудик 1929 жылдың 7 қаңтарында Украинада «Урожай» кеңшарында туды.

1964 жылы Рудиктар отбасы қостанайлық таныстарынан, тың жерлердегі жұмыстар туралы хабармен, хат алып, Боровской ауданына көшіп келеді. Кеңшарда оларға бірден тұрғын үй берілді. Жұбайы тракторшы болып жұмыс істеді, ал Евгения Федоровна Первомай бөлімшесіне сауыншы болып барды. Бұдан бұрын Евгения Федоровна сауыншы болып ешқашан жұмыс істемеген, тіпті сиырларды да қорқатын. Бірақ сылтаулар көмектеспеді. СТФ жұмыскерлер жетіспеді. Осылайша 35 жасар Евгения алғаш рет фермаға келді. 1964 жылдың нәтижелерін шығарған кезде, ол жоспары 1700 болып тұрғанда, 1800 килограмм сүт алып шыққаны белгілі болды, басқа сауыншылар мыңға да жетпеген екен. Евгения Федоровна жоғары нәтижелерге қол жеткізу үшін, оқу керектігін түсінді. Білімнің ескі жүгімен көпке бара алмайсын. Ол мал шаруашылығы туралы әдебиетпен қызыға бастады. Кешкі сауыннан кейін журнал алып, оқыды. Түсініксіз жерлерді, зоотехниктен сұрау үшін, сызып отырды. Бір жыл оқудан кейін, Евгения Федоровна 2300 килограмм сүт алып отырды. 1969 жылы оған үш мыңдық мәресі бағынды. Ондай нәтижеге СТФ әлі ешкім қол жеткізпеген еді.

Кеңшар дирекциясы Евгения Федоровнаның жетістіктерін жоғары бағалады. Ол «Еңбек айбыны үшін» медалімен марапатталды.

1976 жылы Евгения Федоровна бір сиырдан 3500 килограмм сүтті сауып алды (мұнда УДС-3 механикаландырылған аппараттар маңызды рөл атқарды). Сол жылы Рудик социалистік жарыстың жеңімпазы болып, «Құрмет белгісі» орденімен марапатталды.

1979 жылы сүт кешені пайдалануға тапсырылды. Бірінші жылы барлық сауыншылар жекелей жұмыс істеді. Бірақ 1980 жылы буынды еңбек жүйесін енгізу шешілді. Жаңалық жалпылай наразылыққа әкелді. Мамандардың ешқандай дәлелдері сауыншылардың көзіне жетпеді. Ал Евгения Федоровнаны қолдады. Осылайша кешенде төрт буын пайда болды. Звеношылардың бірі Евгения Федоровна болды. Сол жылы оның тобы әрбір сиырдан 3030 килограмм сүт алып шықты. Бригадалық еңбек нысанын байқап көруін шешті.

1981 жылы бригадада 1 сиырдан 2800 килограмм ғана сүт алынды. Евгения Федоровна бұл сәтсіздікті қатты уайымдады. «Бригаданы кінәлауға болмайды, - Рудикке ветдәрігер Яков Лауб айтты, - жаңа еңбек ұйымдастыруды дағдыландырған жоқ». Сол 1981 жылы Евгения Федоровнаны Жұмысшы Қызыл Ту орденімен марапаттады.

1982 жылдан сүт кешенінде қайтадан буынға бөлініп жұмыс істей бастады. Ондағы жұмыс көрінерліктей жақсарды.

Рудикке орта мектептің жоғарғы сынып оқушылары жиі келіп жүрді. Евгения Федоровна олар үшін мал шаруашылығы бойынша сабақ берді. Кешеннің өзінде-көрнекі түрде қыздарды жануарларды дұрыс күту және машинамен саудың техникасына үйретті.

Евгения Федоровна буыны жылды жақсы аяқтады. Тоғыз айда жылдық тапсырма орындады. Ол Первомай бөлімшесі бойынша 1 центнер сүттің өзіндік құнының 3 сом 42 тиынға түсуіне сертігін тигізді.

Леонид Ильич Брежневтің «Тың» атты кітабында мынадай жолдар бар: «Бұл өлкеде алып аграрлық – өндірістік кешен ұйымдасты, барша ел экономикасына ол зор ықпалын тигізді». Ал бұл комплексті, Евгения Федоровна Рудик сияқты, еңбеккерлер құрды. Риясыз және сөздерді босқа айтпайтын. Бұл – оның да жұмыс, жалпыға еніп, тың дәуірнамасының даңқын жалғастырды. Көп жылдар бойы жоғары жетістіктерге қол жеткізу үшін, темірдей қажырлы, болу керек. Евгения Федоровна бірнеше рет мамандығы бойынша үздік танылды, мадақтама қағаздарымен марапатталды. Мұндай бәріміздің де қолымыздан келе бермейді.

Біздің замандасымыздың бет-бейнесін бейнелейтін, еңбекші әйелдің біздің арамызда тұратынына мақтан тұтамыз.

Әдебиет

1. В. Александров. Жүргізуші... [Мәтін] / В. Александров // Коммунистический путь. – 1982. – 16 желтоқсан (№ 150). – 2, 4.Б. – Дәуірлес туралы очерк.